

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
«Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы



2024-2025 оқу жылында
Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына
оқушыларды конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі туралы
үміткерлер мен олардың ата-аналарына
арналған ақпараттық буклет



Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Конкурстық іріктеуге тіркелу	4
2. Конкурстық іріктеу тестілеуін өткізудің шарттары.....	4
3. Тестілеудің бірінші күні	5
4. Тестілеудің екінші күні.....	7
5. Жауап парақтарын толтыру	8
6. Тестілеу кезіндегі үміткерлердің тәртіп ережесі.....	9
7. Конкурстық іріктеу нәтижелерін өңдеу	9
1-қосымша	11
2-қосымша	12

Кіріспе

Қазақстанда тәжірибе алаңы ретінде заманауи білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бақылау, зерттеу, талдау, апробациялау және енгізуді жүзеге асыратын 21 Назарбаев Зияткерлік мектебі құрылды.

2016 жылдан бастап Зияткерлік мектептердің тәжірибесі Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне таратылуда. Зияткерлік мектептер білім беру мазмұнын жаңартудың әдістемелік әрі ресурстық орталығына айналды.

Зияткерлік мектептерге оқуға қабылдау конкурстық іріктеу арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесі 2013 жылы Cito Педагогикалық өлшеулер институты (Нидерланд) және Джонс Хопкинс Университетінің Дарынды жастар орталығы (СТУ, АҚШ) стратегиялық серіктестерімен бірлесе отырып, Ұлыбритания, Аустралия, АҚШ және Нидерландтың халықаралық тәжірибелерін зерттеп-зерделеу негізінде қалыптасты. 2022 жылы конкурстық іріктеу жүйесіне оның жоғары деңгейдегі сенімділігін, әділдігін және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын RCEC Сараптама және сертификаттау зерттеу орталығының сапа белгісі берілді.

Конкурстық іріктеу жүйесінің негізгі бағдары – оқушылардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттерін анықтау. Ол:

- NIS-Programme мазмұнын тиімді меңгеруге;
- кең ауқымды дағдыларды дамытуға және Зияткерлік мектепте оқу барысында жетістікке жетуге;
- көптеген академиялық білім беру саласындағы қолданбалы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

2022 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеудің кешенді тестілеуі құрылымына «Жаратылыстану» бөлімі енгізілді. Бұл пән орта білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес жаратылыстану-ғылыми бағыттағы «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері бойынша базалық білім беруге бағытталған. «Жаратылыстану» пәні бойынша үміткерлердің білім деңгейін бағалау Зияткерлік мектептердегі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеуге қабілетті оқушыларды іріктеуге, олардың болашақта жоғары оқу орындарындағы жаратылыстану-ғылыми бағыттағы мамандықтарға түсуіне қажетті бейіндік бағдарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

1. Конкурстық іріктеуге тіркелу

Конкурстық іріктеуге қатысу үшін оқушының заңды өкілі Зияткерлік мектептердің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

- 1) Конкурсқа қатысу үшін өтініш беру;
- 2) Сауалнама толтыру;
- 3) Үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі, үміткердің ЖСН-і, бар болған жағдайда жеке бас құжатының көшірмесі, заңды өкілінің ЖСН-і көрсетілген жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) Оқу үлгерімі мен тәртібі туралы табель көшірмесі (үміткер оқу жылын аяқтамаған жағдайда оқуын жалғастыратын болса, оқу жылының I жарты жылдығындағы оқу үлгерімі мен тәртібі туралы табелінің көшірмесі). Талап етілген құжаттар мектеп директорының қолымен расталып, білім беру ұйымының мөрімен бекітілуі керек (*Ескерту: құжаттарды 6-сыныптың I жарты жылдығы аяқталғанға дейін тапсырсаңыз, 5-сыныптың табелі қабылданады. 6-сыныптың I жарты жылдығы аяқталған соң тапсырсаңыз, 6-сыныптың I жарты жылдығы табелі қабылданады.*)

Білім беру деңгейі мен оқу бағдарламасы айырмашылығына байланысты Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының сыныптарынан ерекшеленетін шетелдік білім беру ұйымдары мен халықаралық мектептердің оқушыларынан басқа орта білім беру ұйымдарының 7-сынып оқушылары келесі оқу жылында Зияткерлік мектептердің осы сыныбында қайтадан оқуға үміткер бола алмайды.

Оқу бағдарламасы және бағалау шкалалары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының оқу бағдарламалары мен бағалау шкалаларынан ерекшеленетін шетелдік білім беру ұйымдары немесе халықаралық мектептердің білім алатын үміткерлер оқу үлгерімі табеліне (бағалау транскрипті) оқитын мектебінен бағдарлама мазмұны мен бағалау шкаласын сипаттайтын ресми хатты қоса тіркейді.

5) Үміткердің графикалық файл түріндегі 1 МБ (мегабайт) кем емес көлемі 3x4 см сандық фотосуреті (немесе үміткердің фототүсірілімі құжат тапсыру кезінде қабылдау комиссиясында жасалынады).

Фотосурет ақшыл түсті фонда қатаң анфаста орындалады, бейтарап бет көрінісі мен ауызы жабық болуы қажет, бет пішіні фотосуреттің жалпы көлемінің 75%-ын алуы тиіс. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе ксерокөшірмелеу әдісімен дайындалған суреттер қабылданбайды. Фотосуретке түсу кезінде баскиім мен көзілдіріктің болмағаны жөн. Үміткердің көзі ашық болуы, анық көрінуі және шашпен жабылмаған болуы шарт. Фотосуреттің көлемі 450x600 пиксельден кем емес рұқсат ету шамасымен 600 пиксель/дюймнен (dpi) төмен болмауы тиіс.

Аталған құжаттар мұқабасы түссіз 10 файлдық пластикалық папкаға салынады.

Құжаттар келесі жағдайда қабылданбайды:

- 1) конкурстық іріктеуге қатысу өтінішін белгіленген мерзімнен кеш тапсыру;
- 2) көрсетілген құжаттар тізімінің толық болмауы.

Қабылдау комиссиясына үшінші тұлғаның сенімхатсыз әкелген құжаттары қабылданбайды.

Құжаттар және құжат қабылдау мерзімі туралы ақпарат «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ сайтындағы «Оқуға түсу» бөлімінде берілген.

2. Конкурстық іріктеу тестілеуін өткізу шарттары

7-сыныптарға конкурстық іріктеудің кешенді тестілеуі Назарбаев Зияткерлік мектептерінде екі күн бойы жазбаша тестілеу форматында өткізіледі.

Үміткерлер Назарбаев Зияткерлік мектебіне конкурс күндері белгіленген уақытта рұқсат қағазын алып келуі тиіс. Өзімен бірге қара сиялы қалам, жапсырмасы жоқ бөтелкедегі су алып кіруіне болады.

Тестілеу күндері үміткерлер бет-әлпетті тану жүйесі мен тіркеуден уақытылы өткеннен кейін тестілеуге жіберіледі. Тіркелу уақыты аяқталғаннан кейін, тіркелуге кешігіп келген үміткер тестілеу тапсыруға жіберілмейді. Тестілеудің бірінші күніне қатыспаған үміткер тестілеудің екінші күніне жіберілмейді.

Тестілеу аудиториясы мен үміткердің отыратын орны бағдарламалық жасақтама арқылы автоматты түрде анықталады. Тестілеу аудиториясының сыйымдылығы – 120 үміткерге дейін.

Үміткерлерге тест орындау бойынша бейненұсқаулық көрсетіледі. Сондай-ақ тест орындау нұсқаулығы емтихан материалдарында да беріледі.

Мүдделі тұлғалардың бақылауы үшін және конкурстық іріктеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында тестілеу онлайн трансляция арқылы көрсетіледі.


3. Тестілеудің бірінші күні

Тестілеудің бірінші күні **Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тест** (бұдан әрі – Қабілеттілікті бағалау тесті) өткізіледі.

ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ БАҒАЛАУ ТЕСТІ			
№	Бөлім	Тапсырма саны	Тестілеу уақыты
1	Математика	40	60
2	Сандық сипаттамалар	60	30
3	Жаратылыстану	20	30
Барлығы		120	120
<p><i>Қабілеттілікті бағалау тестінің тапсырмалары:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - сандар арасындағы өзара байланысты көру, сандарға математикалық және логикалық ойлау негізінде сүйену, сурет, график және диаграмма түріндегі деректерге түсінік беру дағдыларын; - табиғи құбылыстар мен процестерді сипаттау және болжау үшін деректерді қолдану, түсіндіру дағдыларын бағалау арқылы функционалдық сауаттылықты анықтауға негізделген. 			

Қабілеттілікті бағалау тестінің тапсырмалары 4 жауап нұсқасынан тұрады. Әр тапсырманың тек **БІР дұрыс жауабы** бар.

Есеп шығару үшін **тест жинағының бос жерлерін шимай парақ ретінде пайдалануға болады.**

«Математика» бөлімі бойынша тапсырма үлгісі	
<p>Суретте машинаның 1 : 24 масштабында салынған моделі көрсетілген. Суреттегі берілгендерді пайдаланып, машинаның нақты ұзындығын анықтаңыз.</p>	
	
<p>A) 4 м B) 4 м 40 см C) 4 м 80 см D) 5 м</p>	
Дұрыс жауап: C.	


«Сандық сипаттамалар» бөлімі бойынша тапсырма үлгілері					
<p>Әрбір сұрақ екі қатардан тұрады. Тапсырманың бірінші бөлігі А қатарында, ал екінші бөлігі В қатарында орналасқан.</p> <p>Бірінші қатардағы тапсырманың мәні екінші қатардағы мәнге қарағанда үлкен немесе тең екенін, не болмаса берілген тапсырмаға жауап беру үшін ақпарат жеткіліксіз екенін көрсетуіңіз қажет.</p> <p>Егер А қатарындағы мән үлкен болса, А жауабын, Егер В қатарындағы мән үлкен болса, В жауабын, Егер екі мән өзара тең болса, С жауабын, Егер тапсырмаға жауап беру үшін ақпарат жеткіліксіз болса, Д жауабын таңдаңыз.</p>					
1.	<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%; text-align: center;">А қатары</td> <td style="width: 50%; text-align: center;">В қатары</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">29 күн</td> <td style="text-align: center;">X айындағы күн саны</td> </tr> </table>	А қатары	В қатары	29 күн	X айындағы күн саны
А қатары	В қатары				
29 күн	X айындағы күн саны				

2.	А қатары	В қатары
	$n < 8$	
	n	6
3.	А қатары (35 · 50)	В қатары (35 · 5) + (35 · 10)
Дұрыс жауаптар: 1 – D, 2 – D, 3 – A.		

«Жаратылыстану» бөлімі бойынша тапсырма үлгісі

Ескерту: Бір мәтінге/графикке/суретке 1 тапсырмадан 3 тапсырмаға дейін берілуі мүмкін.

Суретте қышқыл жаңбырдың пайда болу үрдісі көрсетілген.



Қышқыл жаңбыр ормандарға қалай әсер етеді?

- A) Қышқыл жаңбыр орман өртін тудырады.
- B) Қышқыл жаңбыр қоректік заттардың сіңірілуін шектейді.
- C) Қышқыл жаңбыр топырақтың рН мәнін арттырады.
- D) Қышқыл жаңбыр ормандағы топырақ құнарлылығын арттырады.

Дұрыс жауап: B.

4. Тестілеудің екінші күні

Тестілеудің екінші күні **тілдік тест** өткізіледі. Бұл тест үміткерлердің оқу сауаттылығын – қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі жазбаша мәтіндерді түсіну және талдау деңгейін анықтауға бағытталған.

ТІЛДІК ТЕСТ			
№	Бөлім	Тапсырма саны	Тестілеу уақыты
1	Қазақ тілі (бірінші тіл)	20	120
2	Орыс тілі (екінші тіл)	20	
3	Ағылшын тілі	20	
Барлығы		60	120
<i>Тілдік тест тапсырмалары оқу сауаттылығы дағдыларын меңгеру деңгейін тексеру үшін мәтін және графикалық материалдардағы ақпаратты түсіну, талдау қабілеттерін бағалауға бағытталған.</i>			

Тілдік тест бойынша әр мәтінге бір сұрақтан бес сұраққа дейін берілуі мүмкін. Тілдік тест тапсырмалары 3 немесе 4 жауап нұсқасынан тұрады. Әр тапсырманың тек **БІР дұрыс жауабы** бар.

«Қазақ тілі (бірінші тіл)» бөлімі бойынша тапсырма үлгісі

Бір адам жалғыз сиырын сауып, соның сүтін сатып, ақша жинайды екен. Соңғы кездері сүтке су қосып сатуды ойлап шығарыпты. Бір қалта теңге жинаған әлгі кісі кемеге мініп, бір жағдаймен жолға шығады. Кемеде келе жатып ұйықтап кетеді. Сонда бір маймыл оның теңге салған қалтасын ұрлап алып, кеме желкенінің ұшар басына шығып кетеді. Жолаушы оянып, ары-бері қараса, теңге салған қалтасы жоқ. Ары іздейді, бері іздейді. Бір кезде желкеннің ұшар басында отырған маймылды көреді. Маймыл бір теңгені алып, мұның қолына лақтырады. Келесі теңгені алып, оны теңізге лақтырады. Сөйте-сөйте қалтаны босатады. Иесіне лақтырған теңге – таза пайда, ал теңізге лақтырған теңге қулықпен жиналған екен. Осылайша маймыл табыстың тең жартысы суға тиесілі екендігінен хабардар еткен сияқты.

1. Кейіпкердің бойынан қандай қасиетті аңғаруға болады?

- A) пайдакүнемдік
- B) тапқырлық
- C) үнемшілдік
- D) іштарлық

2. Маймылдың қалтаны ұрлап әкетуінің себебі неде?

- A) Ақшаның жартысы арам екенін көрсеткісі келді.
- B) Жолаушыға қалтаны іздетіп, ойнағысы келді.
- C) Қалтаны өзіне меншіктеп алғысы келді.
- D) Ұйықтап қалудың зиян екенін көрсеткісі келді.

Дұрыс жауаптар: 1 – А, 2 – А.

«Орыс тілі (екінші тіл)» бөлімі бойынша тапсырма үлгісі

Почему телевизор вытесняет книгу? Да потому, что телевизор заставляет вас не торопясь посмотреть какую-то передачу и отвлечься от повседневных хлопот. Но постарайтесь выбрать книгу, сесть с ней поудобнее, и вы поймёте, что есть книги, без которых нельзя жить. Я не говорю, чтобы вы перестали смотреть телевизор. Я говорю, чтобы вы смотрели его 1. Определите сами свой выбор, учитывая то, какую роль приобрела выбранная вами книга в истории человеческой культуры. Это значит, что в книге есть что-то существенное.

Может быть, это существенное для человеческой культуры окажется существенным и для вас?

1. Какие слова лучше вставить на место пропуска?

- A) вместе с родителями
- B) как можно больше
- C) более осознанно

2. К какому типу речи относится текст?

- A) к описанию
- B) к повествованию
- C) к рассуждению

Дұрыс жауаптар: 1 – C, 2 – C.

«Ағылшын тілі» бөлімі бойынша тапсырма үлгісі

Why cat clips rule the internet

1. Almost half of all original YouTube videos are of people's pets, and around 26 billion views are just for cats, making them the most popular category. A scientific study, which came out earlier this year, has proved that looking at videos of cats can improve your mood. Professor Jessica Gall Myrick asked 7,000 people how they felt 1 watching videos of cats. The results found that people felt happier after watching videos of cats, and that they felt less anxious or sad.

2. The internet has also been responsible for creating a number of cat celebrities such as Grumpycat, Lil' Bub and Maru the cat. These cats became superstars after their owners posted their pictures online, and they were quickly shared by a lot of people. The famous pets have appeared many TV shows, adverts and film festivals, 2.

1. Which words are missing in paragraph 1?

- A) before and after
- B) from or where
- C) less and worse
- D) now or never

2. What is the most suitable end for the sentence in paragraph 2?

- A) they even have their own brand of products.
- B) they help to search the changes in people's mood.
- C) they prefer to be named funnily by their owners.
- D) they show pleasure when people caress them.

Дұрыс жауаптар: 1 – A, 2 – A.

Ескерту: «Ағылшын тілі» бөлімі бойынша бір сұрақтан тұратын мәтіндерде сұрақ мәтіннен бұрын орналасады. Мұндай тапсырманы орындау үшін үміткер алдымен сұрақты, одан кейін мәтінді оқуы керек.

5. Жауап парақтарын толтыру

Үміткер тестілеудің әр күніне арналған екі жауап парағын (1 және 2-қосымшалар) алады, онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- тестілеу атауы мен нұсқасы;
- үміткер құжат тапсырған мектептің нөмірі (1-сектор);
- тестілеу тілі (2-сектор);
- жынысы (3-сектор);
- тестілеу күні (4-сектор).

Жауап парағының 5-секторына үміткер өзінің қолын қоюы керек. Қол қойылмаған жауап парағы ЖАРАМСЫЗ болып табылатынына назар аударыңыз!

Тестілеудің бірінші күнінде жауап парағының 6, 7 және 8-секторларында «Математика», «Сандық сипаттамалар» және «Жаратылыстану» бойынша жауаптар белгіленеді.

Тестілеудің екінші күнінде жауап парағының 6, 7 және 8-секторларында «Қазақ тілі (бірінші тіл)», «Орыс тілі (екінші тіл)» және «Ағылшын тілі» бойынша жауаптар белгіленеді.

Тестілеу басталғанға дейін үміткерлер жауап парағын толтыру ережесімен танысады:

Жауап парағын толтыру ережесі

- Жауап парағы қара сиялы қаламмен толтырылады; гельді немесе басқа да сиялы қалам түрлерін қолдануға тыйым салынады.
- Сұраққа жауап беруден бұрын тапсырманы мұқият оқып шығыңыз.
- Өзіңіз дұрыс деп есептейтін жауап нұсқасын белгілеңіз. Жауаптың тек бір нұсқасы дұрыс болып табылады.
- Мұқият бояңыз, тест бөлімдері секторларын шатастырып алмаңыз.
- Жауабыңыздың ескерілуі үшін, жауап парағындағы дұрыс толтыру үлгісінде көрсетілгендей, қара түсті қаламмен тиісті дөңгелекшелерді бояу қажет:

Дұрыс толтыру үлгісі: ●

Қате толтыру үлгілеріне назар аударыңыз:

Қате толтыру үлгісі: ⊗ ⊙ ◐ ◑

- Бір тапсырманың екі және одан көп жауабын бояған жағдайда, жауап есептелмейді.
- Жауаптарды сызуға тыйым салынады.
- Қарындаш пен түзететін сұйықтықтарды пайдалануға тыйым салынады.
- Жауап парағын бүлдіруге, бүктеуге, жыртуға, шимай парақ ретінде пайдалануға, жауап парағындағы тиісті секторлардан басқа бос орындарға жазуға болмайды.

6. Тестілеу кезіндегі үміткерлердің тәртіп ережесі

Конкурс кезінде **тыйым салынады**:

- 1) тест кітапшаларымен алмасуға, көшіруге;
- 2) шпаргалка, анықтамалық оқулық, сөздік, сызғыш, қаламсауыт және басқа да анықтамалық ақпараттары бар құралдарды өзімен бірге әкелуге/пайдалануға;
- 3) ұялы телефон, смарт-сағат, калькулятор және басқа да ақпараттық-есептеуіш құрылғыларды өзімен бірге әкелуге/қолдануға;
- 4) уақыт аяқталғаннан кейін жауап парағын толтыруға, жауап парағы мен тест жинағын аудиториядан алып шығуға.

Жоғарыда көрсетілген **ережелер бұзылған жағдайда**, Қабылдау комиссиясы төрағасы Тест үйлестірушісімен бірлесе отырып, үміткердің қатысуымен акт толтырады және **үміткерді** тестілеу аудиториясынан **шығарады**, тестілеу нәтижелері жойылады.

Сондай-ақ үміткерге:

- 1) аудиториядан рұқсатсыз әрі кезекшінің бірге алып жүруінсіз шығуға, басқа үміткерлермен сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысуға;
- 2) жауап парақтарын қара сиялы қаламсаптан басқа гельді не басқа сия түрлерімен толтыруға, қарындаш пен түзетуші сұйықтықты пайдалануға;
- 3) бір тапсырмада екі немесе одан да көп жауапты бояуға, жауапты жартылай бояуға (толық боялмаған немесе бір тапсырмада бір жауаптан артық боялған жағдайда жауап есептелмейді);
- 4) жауап парағындағы жауаптарды сызуға, жауап парағын бүлдіруге, бүктеуге, жыртуға, шимай парақ ретінде пайдалануға, жауап парағындағы тиісті секторлардан басқа бос орындарға жазуға;
- 5) рұқсат қағазын шимай парақ ретінде пайдалануға **тыйым салынады**.

7. Конкурстық іріктеу нәтижелерін талдау

Тестілеу нәтижелерін өңдеу үшін әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және тест бөлімдері бойынша қорытынды балдардың үлесін есептейтін автоматтандырылған психометриялық талдау жүргізіледі. Нәтижелерді өңдеу **Cito Педагогикалық өлшеулер**


институтында (Нидерланд) жүзеге асырылады. Аталған тәсіл нәтижелерді объективті және сенімді бағалауды қамтамасыз етеді, сондықтан **апелляция өткізілмейді**. Үміткерлердің нәтижелері, тест жинақтары мен жауап парақтары жеке қарастырылмайды.

Кешенді тестілеу нәтижелері тестілеудің екінші күні аяқталғаннан кейін **40 күнтізбелік күннен соң** «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ www.nis.edu.kz сайтында жарияланады және Зияткерлік мектеп ғимаратында ілінеді.

Күн	Тест бөлімі	Тапсырма саны	Максималды балл	Шекті балл	Грант тағайындау	
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН БАҒАЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ						
1	Математика	40	400	140 (35%)	Кешенді тестілеу бойынша ең жоғары жалпы балл (максималды балл – 1500)	
	Сандық сипаттамалар	60	300	120 (40%)		
	Жаратылыстану	20	200	-		
ТІЛДІК ТЕСТ						
2	Қазақ тілі	20	200	-		
	Орыс тілі	20	200	-		
	Ағылшын тілі	20	200	-		

«Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсына «Математика» бөлімі бойынша мүмкін болатын ең жоғары балдың **35%-ын (140 балл)** және одан жоғары жинаған, «Сандық сипаттамалар» бөлімі бойынша мүмкін болатын ең жоғары балдың **40%-ын (120 балл)** және одан жоғары жинаған үміткерлер жіберіледі.

Үміткерлердің жалпы балл саны тең болған жағдайда, келесі тест бөлімдері бойынша неғұрлым жоғары балл жинаған үміткерлерге басымдық беріледі:



«Өркен» гранты Зияткерлік мектептерге бөлінген грант санына сәйкес шекті балл жинаған және кешенді тестілеу қорытындысы бойынша ең жоғары жалпы балл алған үміткерлерге тағайындалады.

Үміткерлердің кешенді тестілеу нәтижелері жалпы балл бойынша (ең жоғары жалпы балдан ең төмен жалпы балға дейін) сараланған тәртіппен ұсынылады. Үміткерлердің оқыту тілі есепке алынбайды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тестің жауап парағы үлгісі (тестілеудің бірінші күні)



1 Нұсқа/Вариант 1

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттілігін анықтау бойынша тестіне арналған жауап парағы
Лист ответов теста по оценке «CERTIFIED» к изучению предметов естественно-математического направления

Сектор 1 Мектеп/Школа	Асманов	
Астана	Асан	
01	Асанович	

Сектор 2 Тестілеу тілі Язык тестирования	<p>НАЗАР АУДАРЫҢИЗ!</p> <p>1. Жауап парағы қара сиялы қаламмен толтырылады. Гельді немесе басқа да сиялы қаламмен қолдануға рұқсат етілмейді.</p> <p>2. Жауаптың тек бір нұсқасы ғана дұрыс болып табылады. Бір тапсырмаға екі және одан көп жауабын берген жағдайда, жауапты толтырамын болмаған жағдайда жауап есептелмейді.</p> <p>3. Жауаптарды түзетуге болмайды. Қарындаш пен түзеткіні сұйықтықтар пайдалануға қатаң тыйым салынады.</p> <p>4. Жауап парағым былғауға, бүктеуге, зарғауға, шығай дептер ретінде қолдануға, жазуға, тиісті секторлардан басқа бос орындарды қолдануға болмайды.</p>
Русский	
02	

Сектор 3 Жынысы/Пол	<p>ВНИМАНИЕ!</p> <p>1. Лист ответов заполняется шариковой ручкой с черной пастой. Запрещается использовать ручки с гелевыми и другими видами паст.</p> <p>2. Только один вариант ответа является правильным. При закрашивании двух и более ответов одного задания, неполном закрашивании ответа, ответ не будет засчитан.</p> <p>3. Запрещается зачеркивать ответы. Категорически запрещается пользоваться карандашом и корректирующими жидкостями.</p> <p>4. Лист ответов нельзя пачкать, мять, рвать, использовать в качестве черновика, писать, черкать свободные места кроме соответствующих секторов.</p>
Мужской	
01	

Сектор 4 Күні (кк/аа/жжжж) Дата (дд/мм/гггг)	--/--/----	Дұрыс толтыру үлгісі Пример правильного заполнения	A B C D <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/> <input type="radio"/> <input type="radio"/>
--	------------	---	---

Сектор 5 Оқушының қолы Подпись учащегося		Қате толтыру үлгісі Пример неправильного заполнения	A B C D <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/> <input checked="" type="radio"/> <input type="radio"/>
--	--	--	--

Сектор 6 Математика		Сектор 7 Сандық сипаттамалар/ Количественные характеристики				Сектор 8 Жаратылыстану/ Естественнознание	
1	A B C D	21	A B C D	41	A B C D	1	A B C D
2	A B C D	22	A B C D	42	A B C D	2	A B C D
3	A B C D	23	A B C D	43	A B C D	3	A B C D
4	A B C D	24	A B C D	44	A B C D	4	A B C D
5	A B C D	25	A B C D	45	A B C D	5	A B C D
6	A B C D	26	A B C D	46	A B C D	6	A B C D
7	A B C D	27	A B C D	47	A B C D	7	A B C D
8	A B C D	28	A B C D	48	A B C D	8	A B C D
9	A B C D	29	A B C D	49	A B C D	9	A B C D
10	A B C D	30	A B C D	50	A B C D	10	A B C D
11	A B C D	31	A B C D	51	A B C D	11	A B C D
12	A B C D	32	A B C D	52	A B C D	12	A B C D
13	A B C D	33	A B C D	53	A B C D	13	A B C D
14	A B C D	34	A B C D	54	A B C D	14	A B C D
15	A B C D	35	A B C D	55	A B C D	15	A B C D
16	A B C D	36	A B C D	56	A B C D	16	A B C D
17	A B C D	37	A B C D	57	A B C D	17	A B C D
18	A B C D	38	A B C D	58	A B C D	18	A B C D
19	A B C D	39	A B C D	59	A B C D	19	A B C D
20	A B C D	40	A B C D	60	A B C D	20	A B C D


Draft.

Тілдік тест бойынша жауап парағы үлгісі (тестілеудің екінші күні)



Нұсқа/Вариант

Тілдік тест жауап парағы
Лист ответов языкового теста

Сектор 1 Мектеп/Школа Астана 01		Асанов Асан Асанович	 1 2 3 4 5 6 7 8 9 0 1 2	
Сектор 2 Тестілеу тілі Язык тестирования Қазақ 01		<p align="center">НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!</p> <p>1. Жауап парағы қара сиялы қаламсаппен толтырылады. Гельді немесе басқа да сиялы қаламсап қолдануға рұқсат етілмейді. 2. Жауапты тек бір нұсқасы ғана дұрыс болып табылады. Бір тапсырманың екі және одан көп жауабын бояған жағдайда, жауапты толығымен боямаған жағдайда жауап есептелмейді. 3. Жауаптарды түзетуге болмайды. Қарындаш пен түзететін сұйықтықтар пайдалануға қатаң тыйым салынады. 4. Жауап парағын былғауға, бүктеуге, жұртуға, шмай дәптер ретінде қолдануға, жазуға, тиісті секторлардан басқа бос орындарды қолдануға болмайды.</p> <p align="center">ВНИМАНИЕ!</p> <p>1. Лист ответов заполняется шариковой ручкой с черной пастой. Запрещается использовать ручки с гелевыми и другими видами паст. 2. Только один вариант ответа является правильным. При закрашивании двух и более ответов одного задания, неполном закрашивании ответа, ответ не будет засчитан. 3. Запрещается зачеркивать ответы. Категорически запрещается пользоваться карандашом и корректирующими жидкостями. 4. Лист ответов нельзя пачкать, мять, рвать, использовать в качестве черновика, писать, черкать свободные места кроме соответствующих секторов.</p>		
Сектор 3 Жынысы/Пол Ұл 01		<p align="center">Дұрыс толтыру үлгісі Пример правильного заполнения</p> <p align="center">A B C D ○ ● ○ ○</p>		
Сектор 4 Күні (кк/аа/жжжж) Дата (дд/мм/гггг) --/--/----		<p align="center">Қате толтыру үлгісі Пример неправильного заполнения</p> <p align="center">A B C D ○ ⊗ ● ○</p>		
Сектор 5 Оқушының қолы Подпись учащегося				
Сектор 6 Қазақ тілі (бірінші тіл)		Сектор 7 Русский язык (второй язык)		Сектор 8 English
1 A B C D ○ ○ ○ ○ 2 A B C D ○ ○ ○ ○ 3 A B C D ○ ○ ○ ○ 4 A B C D ○ ○ ○ ○ 5 A B C D ○ ○ ○ ○ 6 A B C D ○ ○ ○ ○ 7 A B C D ○ ○ ○ ○ 8 A B C D ○ ○ ○ ○ 9 A B C D ○ ○ ○ ○ 10 A B C D ○ ○ ○ ○ 11 A B C D ○ ○ ○ ○ 12 A B C D ○ ○ ○ ○ 13 A B C D ○ ○ ○ ○ 14 A B C D ○ ○ ○ ○ 15 A B C D ○ ○ ○ ○ 16 A B C D ○ ○ ○ ○ 17 A B C D ○ ○ ○ ○ 18 A B C D ○ ○ ○ ○ 19 A B C D ○ ○ ○ ○ 20 A B C D ○ ○ ○ ○	21 A B C D ○ ○ ○ ○ 22 A B C D ○ ○ ○ ○ 23 A B C D ○ ○ ○ ○ 24 A B C D ○ ○ ○ ○ 25 A B C D ○ ○ ○ ○ 26 A B C D ○ ○ ○ ○ 27 A B C D ○ ○ ○ ○ 28 A B C D ○ ○ ○ ○ 29 A B C D ○ ○ ○ ○ 30 A B C D ○ ○ ○ ○ 31 A B C D ○ ○ ○ ○ 32 A B C D ○ ○ ○ ○ 33 A B C D ○ ○ ○ ○ 34 A B C D ○ ○ ○ ○ 35 A B C D ○ ○ ○ ○ 36 A B C D ○ ○ ○ ○ 37 A B C D ○ ○ ○ ○ 38 A B C D ○ ○ ○ ○ 39 A B C D ○ ○ ○ ○ 40 A B C D ○ ○ ○ ○	41 A B C D ○ ○ ○ ○ 42 A B C D ○ ○ ○ ○ 43 A B C D ○ ○ ○ ○ 44 A B C D ○ ○ ○ ○ 45 A B C D ○ ○ ○ ○ 46 A B C D ○ ○ ○ ○ 47 A B C D ○ ○ ○ ○ 48 A B C D ○ ○ ○ ○ 49 A B C D ○ ○ ○ ○ 50 A B C D ○ ○ ○ ○ 51 A B C D ○ ○ ○ ○ 52 A B C D ○ ○ ○ ○ 53 A B C D ○ ○ ○ ○ 54 A B C D ○ ○ ○ ○ 55 A B C D ○ ○ ○ ○ 56 A B C D ○ ○ ○ ○ 57 A B C D ○ ○ ○ ○ 58 A B C D ○ ○ ○ ○ 59 A B C D ○ ○ ○ ○ 60 A B C D ○ ○ ○ ○		

Draft

